

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Қышқала кезінде Баршынкент аталыпты



Қызылорда қаласынан отыз шақырымдай жердегі Қоғалы көл ауылының аумағында Қышқала көне шаһарында археологтер жұмыс жасап жатыр. Бүгінде екі ғимарат аршылу үстінде. Ғалымдар қаланың батыс бөлігінде орналасқан ғимараттың Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне ұқсас салынған мінәжат орны екенін айтады.

Бұл шаһар жөнінде алғашрет 1242 жылы итальян саяхатшысы Джованни Пано Кар пини жазып қалдырған делінеді.

Ұлы Жібек жолының бойын да орналасқан қала жайында:

– Қышқала деп атағанмыз бен қаланың тарихи аты ұмыт қалған. Біздің жобамызбен шаһар XIII ғасырдың орта тұсында дәуірлеген. Көненің көзіндей қастерлі мекен 50 гектардай аумақты алып жатыр. Қала үйлерінің жалпы биіктігі 1-1,5 метрді шамалайды. Олардың күйдірілген қыштан соғылғаны көрініп тұр. Алайда өткен ғасырдың 50-жылдарында қыштан жасалған ғимараттардың басым бөлігі бұзылған, – дейді экспедиция жетекшісі Мадияр Елеуов.

Қышқаланың уақытында ірі сауда әрі қолөнер орталығы болғандығы туралы айтылады.

X-XI ғасырда қайнаған тіршіліктің орталығы болған қала Алтын Орда заманында дәуірлеп тұрыпты. Көне шаһардағы екі қазбаның бірі мавзолей болса, екіншісі шаруашылық орталығы делініп отыр.

– Біздің болжауымызша, Қышқала Ұлы Жібек жолы бойында орын тепкен қалалардың орталығы болған. Біз қалашықтың ше тінде орналасқан кесененің орнын аршып алдық. Қасбеті қима өрнекпен әрленген екен. Оның биіктігі 3 метрге жуық тайды. Оның мүжілуіне табиғи жағдайлар да әсер етуі әбден мүмкін. Атап айтқанда, желдің, дауылдың, жаңбырдың әсері тиюі ғажап емес. Осындай жағдайлардың әсерінен батысқа қарай құлағаны аңғарылады. Қыш материалдардың негізінде жасалған зерттеу қала тіршілігінің хронологиялық шеңберін XIII-XV ғасырларға жатқызуға мүмкіндік береді, – деді зерттеуші Дөкей Талеев.

«Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы Мадияр Елеуов қазақ тарихының білгірі, профессор Әуелбек Қоңы ратбаевтың ел аузындағы аңызға сүйеніп, бұл қала Алпа мыс батырдың жары Гүлбаршынды қалдырып кеткен шаһар екендігін еске салған. Кейбір жазба деректерде бұл қала ертеректе Баршынкент деп те аталған екен.

Қышқала жайлы XV ғасырдан кейін жазба деректердің кездеспеуі Сыр арнасы өзгергеннен кейін халықтың өзге жаққа қоныс аударуымен байланысты сияқты. Әйтсе де, үлкен ауқымды жерді алып жатқан көне шаһар қазақтың қилы тарихының бір тармағындай сезіледі. Әрине төрелікті археолог-ғалымдар айтады.

Бақтияр ТАЙЖАН